

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

2016-2017 оқу жылындағы Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілістерінің ҚАУЛЫЛАРЫ

Ahmet Yasaui University

Түркістан – 2017 ж.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
2016-2017 оқу жылындағы
№7 Оқу-әдістемелік Кеңес мәжілісінің
ҚАУЛЫЛАРЫ

Түркістан қаласы
Сағат 15:00
Ректорат – Сенат залы
Қатысқандар – 24 мүше, кафедра меңгерушілері

15 ақпан 2017 ж.

Күн тәртібі:

1. Білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмін ұсыну туралы Жұмыс тобының есебі (*Жұмыс тобының жетекшісі – А.С.Баббаева*).
2. 2017-2018 оқу жылында мамандықтар бойынша көптілді білім беру жүйесімен оқытылатын пәндер тізімін бекіту (*Факультет декандары*).
3. Әр түрлі мәселелер:
 - 3.1. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде қойылатын талаптарға ұсыныс беру (*Өнер факультетінің деканы - Е.Т.Маханбет*).
 - 3.2. 2014-2016 оқу жылдарына докторантураға қабылданған білімгерлердің оқу жоспарына докторлық диссертацияны орындау (ДГЗЖ) циклі бойынша өзгерістер (қосымша 1) енгізу туралы (*Әдістемелік бөлім бұсығысы - Г.Г.Еркибаева*).
 - 3.3. Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестік мүшелерінің есептері (*РОӘБ мүшелері*).
 - 3.4. Университет ОПҚ дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқауларын талқылап бекіту (*Эксперттік комиссия төрағасы – Г.Г.Еркибаева, эксперттік комиссия мүшесі – У.Маханбетова*).

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1.1. Университетте Медицина факультеті бойынша қабылданған құзыреттерді бағалау механизмін рәсімдеу басқа факультеттерге енгізілу процесі қарастырылсын (*Жауапты - Жұмыс тобының жетекшісі*).
- 1.2. Үздіксіз білім беру институты және Ақпараттық технологиялар орталығымен бірге наурыз-сәуір айларында барлық факультеттерде жартылай On-line курстар (лекциялар мен семинарлар) ұйымдастырылсын (*Жауапты - Жұмыс тобының жетекшісі, Үздіксіз білім беру институты, Ақпараттық технологиялар орталығы, факультет декандары*).
- 1.3. Медицина факультеті үшін 2017-2018 оқу жылынан бастап білім алушылардың құзыреттерді меңгеру деңгейін бағалау механизмі енгізілсін (*Жауапты - Жұмыс тобының жетекшісі*).

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 2.1. 2017-2018 оқу жылында мамандықтар бойынша көптілді білім беру жүйесімен оқытылатын пәндер тізімі және оқу жоспарлары қайта қаралып нақтылансын (*Жауапты – У.Б.Татыкаева, факультет декандары*).
- 2.2. Университетте факультет деканы және кафедра меңгерушілеріне қойылатын талаптарды жоғарлату мақсатында түрік тілі бойынша Юнус Эмре - А2 деңгейі

және/немесе ағылшын тілі бойынша А2 - IELTS – 3,0 немесе 30-40 TOEFL IBT деңгейде тілді меңгеру сертификаттарын талап ету туралы Сенатқа ұсынылсын.

2.3. Университетте түрік және ағылшын тілінде дәріс беретін оқытушылар үшін түрік тілі бойынша Юнус Эмре – В1 деңгейі, ағылшын тілі бойынша В1 - IELTS - 4,0 немесе 41-52 TOEFL IBT деңгейде тілді меңгеру сертификаттарын талап ету туралы Сенатқа ұсынылсын.

2.4. Биология, информатика, физика, химия мамандықтары бойынша 3-4 курс студенттеріне қосымша ағылшын тілінде оқыту курстарын ұйымдастыруды қарастыру туралы Сенатқа ұсынылсын.

2.5. Университетте студенттердің көптілді топқа ауысуы немесе өз тобына қайта ауысуы бойынша Академиялық саясатқа енгізу туралы қарастырылсын. (*Жауапты – Академиялық мәселелер жөніндегі департамент*).

Күн тәртібіндегі әр түрлі мәселелер бойынша:

Оқу-әдістемелік кеңес ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

3.1.1. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау талаптары қайта қаралып, Оқу-әдістемелік кеңестің кезекті мәжілісіне Жұмыс тобының ұсыныстары дайындалсын (*Жауапты - Жұмыс тобының жетекшісі*).

3.1.2. Педагог қызметкерлерді жұмысқа қабылдау кезінде қойылатын талаптарға ұсыныстарды қайта қарау үшін жаңа жұмыс тобы құрамы бекітілсін

Жұмыс тобының жетекшісі - Е.Т.Маханбет

Жұмыс тобының мүшелері:

1. У.Б.Татыкаева
2. А.А.Сариева
3. К.Р.Хасанова
4. Ж.И.Исаева

3.2.1. ҚР Үкіметінің 2012-жылы 23-тамыздағы №1080 Қаулысымен бекітілген «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 2-бөлім Докторантура 69-бабына сәйкес 2014-2016 оқу жылдарының докторантура үшін арналған НОЖ-да Докторлық диссертацияны орындау докторанттың ДҒЗЖ кезеңінде орындалуы жоспарланып, төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1. 2014-2015 оқу жылы үшін VI семестрде 7 кредит қарастырылсын.
2. 2015-2016 оқу жылы үшін IV семестрде - 3 кредит, V-VI семестрде - 7 кредит қарастырылсын.
3. 2016-2017 оқу жылы үшін I, II, III, IV семестрлерге сәйкесінше 1, 11, 4, 4 кредит. Қорытынды бақылау түрі: есеп, дифференциалды сынақ.

3.2.2. 2014-2016 оқу жылдарына докторантураға қабылданған білімгерлердің оқу жоспарына докторлық диссертацияны орындау (ДҒЗЖ) циклі бойынша өзгерістер Сенатқа ұсынылсын.

3.3.1. Республикалық Оқу-әдістемелік бірлестік мүшелерінің мәліметтері есепке алынсын.

3.3.2. Университетте ЖОО РОӘБ мүшелерінің тізімі Оқу-әдістемелік кеңесте бекітілуге ұсынылсын

3.3.3. ЖОО РОӘС жұмыс шешімдері мен нәтижелері туралы РОӘБ мүшелерінің есептері университеттің кезекті Оқу-әдістемелік кеңес мәжілістерінде тыңдалсын (*Жауапты – РОӘБ мүшелері*).

3.4. Университет ОПК дайындаған оқу, оқу-әдістемелік құралдар мен нұсқаулары тізім бойынша бекітілсін.

ФИЛОЛОГИЯ

1.«Әлем тілдері» кафедрасының п.ғ.к, профессор м.а.С.Ж.Чаканова дайындаған «Методика преподавания русского языка II» атты оқу құралын;

2.«Педагогикалық ғылымдар» кафедрасының профессоры п.ғ.д., К.М.Беркимбаев, «Ағылшын тілі» кафедрасының ф.ғ.к., З.О.Сахитжанова, 6D010300 – Педагогика және психология мамандығының 3 курс докторанты Г.А.Ризаходжаева дайындаған «Туризм мамандарына арналған ағылшын тілі» атты оқу құралын;

ГУМАНИТАРЛЫҚ

3.«Тарих» кафедрасының PhD докторы Қ.Қ.Базарбаев дайындаған «Жастүріктер және Түркістан ұлт-азаттық қозғалыстары» атты оқу құралын;

МЕДИЦИНА ФАКУЛЬТЕТИ

4.«Профилактикалық медицина» кафедрасының PhD докторы А.М.Гржибдовский дайындаған «Анализ количественных данных с использованием пакета статистических программ SPSS» атты оқу құралын;

5.«Арнайы клиникалық пәндер» кафедрасының оқытушылары Д.Ш.Азизходжаева және М.С.Алмуханбетова дайындаған «Учебное пособие по предмету неврология в работе врача-стоматолога. II часть нейростоматология» атты оқу құралын;

6.«Адам морфологиясы және физиологиясы» кафедрасының профессоры м.ғ.к. С.А.Ажаев дайындаған «Гистология-2» атты оқу-әдістемелік құралын;

7.«Зертханалық пәндер» кафедрасының профессоры Р.Д.Дильбарканова дайындаған «Биохимия-2» атты оқулығын;

8.«Адам патологиясы» кафедрасының доцента Н.А.Жуманазаров және М.У.Қамыспаев дайындаған «Нәрестелер мен ұрық мәйіттерінің сот-медициналық сараптамасы» атты практикумын;

9.«Адам патологиясы» кафедрасының доцента Н.А.Жуманазаров дайындаған «Ұрық және жаңа туған нәресте мәйіттерінің сараптамасы» атты оқулығын;

ӨНЕР ФАКУЛЬТЕТИ

10.«Дене мәдениеті» кафедрасының профессоры К.Д.Баетов, аға оқытушы Б.К.Баетов, оқытушы Д.М.Баетов дайындаған «Таңдаған спорт түрінен спорттық педагогикалық шеберлік негіздері» атты оқу құралын.

Қаулылар мәжіліс хаттамасынан көшіріп алынды. Көшірме дұрыс.

Хатшы

Г.Примкулова

Ахмет